



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ  
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО  
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR  
ACCREDITATION AND RATING

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі  
сыртқы сарапшысының сараптау  
қызметін реттеу жөніндегі  
**Ереже**



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ  
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО  
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR  
ACCREDITATION AND RATING

**«Аккредиттеу және рейтингтің  
тәуелсіз агенттігі» КЕМ  
директорының 15.12.2015 жылғы  
№39-15-ОД бұйрығымен  
бекітілген**

*(2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 82-  
18 / 1-ОД бұйрығымен өзгертулер  
мен толықтырулармен енгізілген)*

## **Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі сыртқы сарапшысының сараптау қызметін реттеу жөніндегі ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1.1 Осы Ереже Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламаларын аккредиттеу рәсімін жүргізу саласындағы сыртқы сарапшыларына (бұдан әрі – сарапшылар) қойылатын негізгі біліктілік талаптарын айқындайды. Ереже жеке тұлғаның сарапшы ретіндегі өкілеттіктерін белгілеуді, сарапшының өкілеттіктерін ұзартуды немесе тоқтатуды, Сарапшылар базасын жүргізу қағидаларын, сондай-ақ аккредиттеу процесінде сыртқы бағалау жүргізу және оларды осы процеске тарту үшін сарапшыларды іріктеу қағидаларын реттейді.

1.2 Сыртқы сарапшының қызметі Білім беру ұйымын және (немесе) білім беру бағдарламасын аккредиттеу процесінде сыртқы бағалау рәсімін ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

1.3 Агенттік жұмысының маңызды қағидаты құпиялылық болып табылады. Агенттікке келіп түсетін барлық ақпарат пен құжаттама құпия болып табылады және тек мақсатына қарай пайдаланылады.

### **2. Біліктілік талаптары**

2.1 Кандидаттарды іріктеу сыртқы сараптамалық бағалауды жүргізудің ішкі жоспарына сәйкес жүргізіледі. Бұл іріктеу мақсатты топқа бағытталған (студенттерге, жұмыс берушілерге және академиялық қоғамдастық өкілдеріне қойылатын талаптардағы айырмашылықтар назарға алынады).

2.1.1 Сарапшылар – академиялық қоғамдастық өкілдерін, оның ішінде шетелдік сарапшыларды аккредиттеу агенттіктері ұсынуы тиіс, не қызмет саласы немесе мүдделер саласы білім немесе ғылымға байланысты қоғамдық

және кәсіби органдар, ұйымдар, қорлар, қауымдастықтар болуы тиіс. Іріктеу критерийлері:

- 1) білім беру саласындағы жұмыс өтілі кемінде 5 (бес) жыл;
- 2) педагог қызметкерлер үшін ғылыми дәрежесінің және (немесе) атағының, бірінші немесе жоғары санатының болуы немесе әкімшілік-басқару персоналы үшін басшы лауазымында жұмыс өтілі кемінде 3 (үш) жыл болуы;
- 3) оқытушылық, ғылыми-зерттеу қызметіндегі өтілі кемінде 3 (үш) жыл;
- 4) бағалау пәніне сәйкес келетін қызмет бейіні;
- 5) Агенттіктің семинар-тренингтері шеңберінде оқытудан өту болып табылады.

2.1.2 Сарапшы – жұмыс берушілердің өкілдерін кәсіби ұйымдар – түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша негізгі әріптестер, бейінді ведомстволар немесе жұмыс берушілердің бірлестіктері ұсынуы тиіс.

2.1.3 Сарапшы – студент өкілдерін (жоғары курстардың студенттері, магистранттар, PhD докторанттары) аккредиттелгеннен басқа, білім беру ұйымдары немесе студенттік ұйымдар мен одақтар ұсынуы керек. Іріктеу критерийлері білім беру ұйымы басшылығының оң ұсынысы; білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жақсы білу; Болон процесінің негізгі ережелерін білу, аккредиттелетін білім беру ұйымымен үлестес болмауы болып табылады.

2.1.4 Шетелдік сарапшылар – сыртқы бағалау жүргізу кезінде тартылатын академиялық қоғамдастықтың өкілдері Агенттіктің шетелдік сарапшылары бойынша дерекқорға енгізілген сарапшылар арасынан ұсынылады. Дерекқорға енгізу үшін серіктес агенттіктердің, басқа елдердің танылған аккредиттеу агенттіктерінің ұсынымдары қажет.

Сыртқы сарапшыларды іріктеу кезінде Агенттіктің сыртқы сараптау комиссияларының (бұдан әрі – ССК) құрамындағы олардың жұмысы туралы пікірлер назарға алынады.

## 2.2 Сарапшы:

- 1) білім беру және білім беру ұйымдарын аккредиттеу саласындағы халықаралық нормативтік құқықтық актілердің, тиісті мемлекеттердің білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілердің өзекті нұсқаларын, сондай-ақ аккредиттеу рәсімін реттейтін қолданыстағы нормативтік-құқықтық актіледі;
- 2) Аккредиттеудің тиісті түрін жүргізу жөніндегі Агенттік стандарттары мен нұсқаулығын;
- 3) білім беру ұйымдарының және (немесе) білім беру бағдарламаларының Агенттіктің стандарттарына сәйкестігіне бағалау жүргізу тәсілдерін;
- 4) қызметтік ақпаратпен және дербес деректермен жұмыс істеу тәсілдері мен әдістерін;

5) комиссия қорытындыларының және білім беру ұйымын және (немесе) білім беру бағдарламасын аккредиттеу рәсімін жүзеге асыру үшін қажетті басқа да құжаттардың мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптарды білуі керек.

2.3 Сарапшы білуі керек:

1) білім беру ұйымдарының институционалдық және мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу, оның ішінде бастапқы институционалдық және мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу бойынша есептері мен өз есептерін рецензиялай алуы;

2) ақпаратты талдауды, жүйелеу және жинақтауды, әртүрлі ресурстарды бағалауды жүргізе білуі;

3) сауалнама жүргізу, сұхбаттасу және ауызша әрі жазбаша коммуникацияның басқа да әдістері арқылы ақпарат жинауды және алынған нәтижелерді өңдеуді жүзеге асыра білуі;

4) білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларына (оның ішінде оқу жоспарларына, оқу жұмыс бағдарламаларына, пәндерге (модульдерге), оқу және өндірістік практика бағдарламаларына және білім алушыларды даярлау сапасы мен рухани-адамгершілік жағынан дамытуға бағытталған басқа да материалдарға талдау жүргізе алуы;

5) білім беру ұйымдарының білім алушылары мен түлектерін даярлау мазмұнының Агенттіктің стандарттары мен критерийлеріне сәйкестігін (сәйкессіздігін) белгілей алуы;

6) комиссия қорытындысын және бағалау бойынша басқа да құжаттарды ресімдей алуы;

7) Агенттіктің талаптарына сәйкес ССК сапарының нәтижелері туралы есепті қалыптастыра білуі;

8) аккредиттеуді жүргізу процесінде басқа сарапшылармен, аккредиттеу органымен, білім беру ұйымымен өзара іс-қимыл жасай алуы қажет.

2.4 Сарапшы өзінің біліктілік деңгейінің Агенттіктің белгіленген талаптарына сәйкестігін, сыртқы бағалауды жүргізу нысандары мен әдістерін жетілдіруді, біліктілікті арттыру арқылы, сондай-ақ өздігінен білім алу жолымен компьютерлік техника мен ақпараттық технологияларды дамытуды қамтамасыз етуі тиіс.

2.5 Сарапшы Агенттік және (немесе) өзге де ұйымдар өткізетін семинарларға, конференцияларға және өзге де іс-шараларға қатысады.

### **3. Сарапшылардың этикалық нормаларды сақтауы**

3.1 Сарапшының этикалық кодексі (1-қосымша) білім беру сапасын және оның дамуын бағалауда үздік нәтижелерге қол жеткізу мақсатында сарапшы ұстануға тиіс мінез-құлықтың негізгі қағидаларын белгілейді. Білім беру

ұйымының және (немесе) білім беру бағдарламасының аудитіне қатысатын сарапшылардан жоғары этикалық стандарттарды сақтау талап етіледі: кәсібилік, адалдық, бейтараптық және әділдік. Осыған байланысты Агенттіктің әрбір сарапшысы Кодексте сипатталған барлық міндеттемелердің орындалуы үшін жауапкершілікті өзіне алады.

### 3.2 Кәсібилік

3.2.1. Сарапшы мамандарды даярлау бағыты салаларының бірінде кәсіпқой болуы керек.

3.2.2 Сараптау комиссияның мүшелері бағдарламаның бағаланатын көрсеткіштерінің Агенттіктің критерийлеріне сәйкестігін мұқият зерделеу арқылы бағалау процесінің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін жауапкершілікті өзіне алады.

3.2.3 Сараптау комиссиясының мүшелері осы Ереже мен Агенттіктің талаптарын бұзған жағдайда, сарапшы сертификатының күшін жою және Агенттіктің сарапшылар базасынан одан әрі шығару үшін өзіне жауапкершілік алады.

### 3.3 Мүдделер қақтығысын шешу

3.3.1 Сараптау комиссиясының мүшелері бағалау процесінің объективтілігі мен сенімділігіне кедергі келтіретін іс-әрекеттерді жасамауы тиіс, атап айтқанда:

3.3.1.1 Нақты білім беру ұйымына бағалау белгілеу кезінде сарапшы афиллилену, оның ішінде осы білім беру ұйымымен қандай да бір жақын байланыстар болған жағдайда, осы сарапшының мүдделерінің Агенттіктің міндеттерімен қайшылықтарын болдырмау үшін олар туралы Агенттікті хабардар етуі тиіс.

3.3.1.2 Бағалауға сарапшының қатысуына кедергі келтіретін себептер мыналар болуы мүмкін: осы білім беру ұйымында қазіргі уақытта немесе бұрын жұмыс істеуі, білім беру ұйымын және (немесе) бағаланатын білім беру бағдарламасын аккредиттеу процесі бойынша консультациялық қызметтер көрсету, жұмысқа орналасу мүмкіндігі туралы бұрынғы немесе қазіргі кездегі келіссөздердің болуы, осы білім беру ұйымында оқуы, қаржылық мүдделердің болуы.

3.3.2 Білім беру ұйымына және (немесе) білім беру бағдарламасына бағалау жүргізу кезінде сараптау комиссиясының мүшелері Агенттіктің мүдделерін теріс пайдалану жағдайын жасауға мүмкіндік туғызатын кездесулер мен шешімдерден өз еркімен шеттетілуі, сондай-ақ білім беру ұйымының және (немесе) білім беру бағдарламасының сапасын бағалау процесінің объективтілігіне ықпал етуге қабілетті аккредиттеу мүдделерімен олардың жеке мүддесінің барлық айқын әрі ықтимал қайшылықтары туралы хабарлауы тиіс.

3.3.3 Сараптау комиссиясының мүшелеріне сыртқы бағалау нәтижесіне әсер ететін білім беру ұйымдарынан ақшалай сыйақы немесе басқа да сыйлықтар қабылдауға қатаң тыйым салынады.

3.3.4 Сараптау комиссиясының мүшелері даярлау сапасын бағалаудың әділдігі мен объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында бағалау процесінің білім беру ұйымы өкілдерінің ықпалынан тәуелсіздігін сақтауы тиіс. Аккредиттеу процесі барысындағы сарапшылардың міндеті – ұсынылған ақпараттың түпнұсқалылығы мен толықтығын тәуелсіз бағалау және тексеру.

#### 3.4 Құпиялылық

3.4.1 Сараптау комиссиясының мүшелері (комиссия төрағасы, сарапшылар мен үйлестірушілер) құпия ақпаратты жарияламау бойынша өзіне міндеттемелер қабылдайды.

3.4.2 Өзін-өзі бағалау есебі бойынша материалдар және сыртқы бағалау кезінде алынған және сараптау комиссияның есептілік нысандарына енгізілген ақпарат Агенттік жүргізетін білім беру ұйымын және (немесе) білім беру бағдарламасын бағалау мақсатында ғана пайдаланылуы мүмкін және жеке пайда үшін пайдаланылмайды.

3.4.3 Алынған ақпарат үшінші тұлғаларға берілмейді, білім беру ұйымы мен Агенттіктің келісімінсіз жарияланбауы тиіс.

3.4.4 Жұмыс құжаттары мен сарапшылардың жазбалары Агенттіктің ішкі құжаттары болып табылады және таратылмайды. Құжаттардың, ережелердің мазмұны Агенттіктің зияткерлік меншігі болып табылады. Жұмыс құжаттары мен жазбаларындағы сарапшылардың бағалауы мен пікірлері білім беру ұйымының өкілдеріне хабарланбайды.

3.4.5 Сараптау комиссиясының есебін дайындау білім беру ұйымы өкілдерінің қатысуынсыз өтуі тиіс.

3.4.6 Сыртқы бағалау рәсімі басталар алдында сараптау комиссиясының мүшелері «IAAR сарапшысының мүдделер қақтығысының болмауы туралы өтінішіне» қол қойып, оны Агенттікке береді.

3.4.7 IAAR сыртқы бағалау рәсімі аяқталғаннан кейін кері байланыс шеңберінде БҰ және ССК мүшелері: төраға, академиялық сарапшылар, жұмыс берушілер мен студенттер, сондай-ақ ССК жұмысын бағалау мақсатында IAAR бақылаушысы, білім беру ұйымын және (немесе) білім беру бағдарламасын аккредиттеуге ұсынылған бағалауға қатысқан сарапшылардың кәсібилігі мен этикалық мінез-құлқы туралы сауалнама жүргізеді.

## Аккредиттеу жөніндегі сыртқы сарапшының этикалық нормалар КОДЕКСІ

*Осы кодекс Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің әрбір сыртқы сарапшысы үшін міндетті болып табылатын білім беру ұйымдарында сараптау қызметін жүзеге асыру кезіндегі оның мінез-құлық қағидаларын белгілейді*

*Сыртқы сарапшының қызметі білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау нәтижелерінің толықтығы мен дұрыстығын бағалауға, IAAR стандарттарына сәйкес білім беру ұйымы қызметінің/білім беру бағдарламасының сапасын сыртқы бағалауға сараптама жүргізуге бағытталған.*

*Сыртқы сарапшының қызметі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, институционалдық және мамандандырылған аккредиттеудің стандарттары мен критерийлеріне, Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің (бұдан әрі - IAAR) білім беру ұйымдарын аккредиттеуді жүргізу жөніндегі қағидаларға, нұсқауларға және нұсқаулықтарға сәйкес жүзеге асырылады.*

1. Сыртқы сараптау комиссиясының құрамына енгізілгенге дейін сарапшы өзінің комиссия жұмысына қатысуына кедергі келтіретін мән-жайлардың бар екендігі туралы IAAR-ға хабарлауға міндетті.

2. Білім беру ұйымдарында және білім беру бағдарламасында сыртқы сараптаманы жүзеге асыра отырып, сыртқы сарапшы IAAR-ға берген өкілеттіктерінен асатын іс-әрекеттер жасамауға тиіс.

3. Сарапшы сыртқы сараптау комиссиясының құрамында өз функцияларын сапалы орындауға және белгіленген мерзімде өзін-өзі бағалау нәтижесін бағалаудың объективтілігіне кепілдік бере отырып, қорытынды есеп үшін материалдарды IAAR-ға беруге міндеттенеді.

4. Сарапшы аккредиттелетін білім беру ұйымының басқа сыртқы сарапшыларымен және қызметкерлерімен өз қатынастарын өзара сыйластық негізінде құруға, оған қатысты сараптама жүргізілетін басқа сарапшының, білім беру ұйымы өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін төмендететін сөздер мен пікірлер айтпауға тиіс.

5. Сарапшы IAAR сыртқы сараптау комиссиясының жұмысы барысында алынған конфиденциалдық ақпаратты жарияламау бойынша міндеттемелерді өзіне қабылдайды.

6. Сарапшы IAAR жүзеге асыратын аккредиттеу рәсімдеріне ғана қатысады. Сарапшы басқа аккредиттеу агенттіктерінің жұмысына қатысқан кезде IAAR-мен келісілуі қажет.

7. Сарапшыға аккредиттелетін білім беру ұйымының қызметкерлерінен және басқа да адамдардан кез келген нысанда сыйақы қабылдауға тыйым салынады.

8. Сарапшы IAAR сарапшылары және олардың қызметі туралы оң қоғамдық пікір қалыптастыруға ұмтылуы тиіс.

*Осы Кодекстің талаптарын бұзу сарапшымен қатынастарды тоқтатуға әкеп соғады. Осы Кодекс жалпыға қолжетімді және жария құжат болып табылады және онымен аккредиттеу процестері үшін тартылатын барлық сарапшылардың танысуын талап етеді.*

Таныстым

сыртқы сарапшы \_\_\_\_\_

КОЛЫ

\_\_\_\_\_ аты-жөні

Күні: \_\_\_\_\_